

ҒТАХР 14.35.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ж.К. Стамбекова, А.Е. Жұмабаева, А.Н. Умирбекова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
jazira_84_s@mail.ru

Мақалада еліміздегі білім саласында болып жатқан реформалар арқылы болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлаудың маңыздылығы баяндалған. Бірқатар ғалымдардың ой-тұжырымы арқылы талдау жасалған. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген мәліметтер берілген. Сонымен қатар, қазіргі таңда біздің елімізде білім беру жүйесін жақсарту, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық әрекетке даярлау үшін «Сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдау» пәнін қашықтықтан оқыту тиімділігі қаралды. Қазіргі білім саласында өзекті болып отырған, елімізде енгізіліп жатқан реформалар жоғары адамгершілік, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуы мен инновациялық әрекетіне даярлау үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Сондай-ақ білім беру кеңістігінде оқушылармен жұмыс істеу үшін болашақ бастауыш сынып педагогтерінің дайындық деңгейін зерттеу мақала мазмұнында көрініс табады.

Түйін сөздер: инновациялық әрекет, инновациялық білім, сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдау, реформа, педагогикалық креативтілік, зияткерлік.

Қазіргі таңда педагог мамандарының кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін дамыту үшін біршама жағдайлар жасалған. Мұның дәлелі ретінде елімізде білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларды айтуға болады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты - қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту [1].

Алайда отандық білім және ғылым жүйесінде бірқатар өзекті мәселелер бар. Солардың ішіндегі ең негізгісі - педагог мамандарын даярлау мәселесі. Теориялық білімін практикамен ұштастыра отырып, әр оқушының танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырып, шығармашылыққа баулу инновациялық әрекет арқылы жүзеге асады.

Инновациялық әрекетті маман өз педагогикалық әлеуетін жетілдіру үшін және өзінің оқу іс-әрекеті барысында тиімді қолдануы қажет. Өйткені, болашақ педагог мамандарды жаңа технологиялармен білім беру ортасына біріктіру оқытудың негізгі мақсаттарына жатады.

Бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлауды теориялық тұрғыдан зерттеп, тұжырым жасаған шетелдік және отандық ғалымдардың педагогика саласындағы еңбектеріне тоқталуды жөн көрдік. Соның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау және білім беру интеграциясы бойынша ғалымдар - Р.К.Бекмағамбетова, Ш.Майғаранова, Қ.Т.Ыбыраимжанов, М.З.Джанбубекова, Б.М.Қосанов, Қ.М.Нағымжанова, Р.К.Төлеубекова, Ә.М.Мұханбетжанова, Б.Барсай зерттеген. Бұл еңбектер бастауыш мұғалімдерінің сапасын арттыруға қосқан үлес болып табылады. Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық даярлығын қалыптастыру бойынша С.А.Көшімбетова [2], Б.Т.Барсай [3], К.Ж.Бұзаубақова [4], Қ.М.Нағымжанова [5] т.б. ғалымдар зерттеу жүргізген.

Отандық ғалым Қ.М.Нағымжанова зерттеу барысында, субъектілердің бойында «Мен» қағидасын қалыптастырудың маңыздылығына ерекше мән берген. Ғалым студенттердің «Мен» қағидасының қалыптасуы негізінде мамандарға көптеген ерекше қабілеттерін дамыту мүмкіндігі анықталған [5].

Қазіргі таңда әр студенттің бойында қалыптастыруға міндетті болып табылатын қабілеттің бірі - «Мен» қағидасы. Өзіне, біліміне сенімді маман әрқашан креативті ойлау арқылы бәсекеге қабілетті, еркін дами алады. Студенттің «Мен» қағидасы - өзі туралы, қабілеттері мен адамгершілік ұстанымдары, моральдық қасиеттері мен мінез-құлықтары, басқа адамдардың осы қасиеттеріне деген қатынасы туралы түсініктер. Студенттің «Мен» қағидасы мүмкіндіктерінің шеңберін анықтайды. Сондықтан осы қағиданы қалыптастырудың нақты жолдарын ұсына аламыз:

Әдіс - зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше логикалық ойлаудың теорияға немесе практикаға негізделген түрі.

Тәсіл – белгілі бір әдістер жиынтығының орындалуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің жиынтығы. Ол зерттеу барысындағы бірнеше нысаналы әдістердің жиынтығы.

Методика – бір немесе бірнеше әдістер жиынтығына негізделген зерттеу жолдары немесе олардың жиынтығына негізделген әдістер.

Жүйе – күрделі құбылыстар мен үрдістерді зерттеу үшін қажетті техникалық құралдар мен методикалардың жиынтығы. Жалпы ғылыми әдістердің кейбірі тек эмпириялық деңгейде (бақылау, эксперимент, өлшеу), басқалары тек теориялық деңгейде (идеалдау, формалау), тағы бірқатары эмпирикалық және теориялық деңгейде (модельдеу) қолданылады. Эмпирикалық әдістер төмендегідей бағытта жүргізілді:

1. Бақылау – нақты шынайылықты сабақта арнайы түрде қабылдау. Тақырып шынайылығын, дәлдігін, нақтылығын жан-жақты түсіндіре білу. Бұл - білім алушының терең білім алу кепілдігі.

2. Суреттеу – объектілер туралы мәліметті табиғи және жасанды тілдің көмегімен бекіту. Ол маманды инновациялық әрекетке даярлаудың тетігі. Студент бойындағы идеяларды, ойлау қабілетін қалыптастырудың тиімді жолы.

3. Өлшеу – объектілерді ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру. Белгілі бір тақырыпты талдау арқылы маманды сезімталдыққа, байқағыштыққа баулу.

4. Тәжірибе жасау – әдістер қайталанған кезде өзгерістерді арнаулы дайындалған орындар арқылы бақылау. Қайталанған әдістерді жіті бақылау арқылы оның кемшіліктері мен қателіктерін бақылау. Осы әдіс арқылы сабақта пайдаланылатын ғылыми әдістерді нақты көрсетуге болады:

- анализ - сабақтың қалай өткендігін жан-жақты зерттеу мақсатында қарастыру;
- синтез - сабақтың бөліктерін бір жүйелік мақсатқа бағыттау;
- абстракциялау - зерттеліп отырған сабақтың қажетті емес тұстарын бөліп қарастыру;
- жалпылау - сабақтың жалпы белгілері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін ойлау әдісі;
- индукция – жеке қорытындылау негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін зерттеу мен талқылау әдісі;
- дедукция – жалпы тұжырымнан жеке тұжырым жасауға мүмкіндік беретін талқылау әдісі;
- аналогия – сабақтардың ұқсастығы негізінде олардың қайталануы туралы айтуға мүмкіндік беретін таным әдісі.

Ал түрік ғалымдары Озгур Йылмаз және Дуйгу, Мутлу Байрактар мұғалімдердің білім беру технологияларына деген қарым-қатынасын олардың инновациялық деңгейі тұрғысынан зерделеуге бағыттаған [6]. Стамбулдың әр аудандарынан 68 бастауыш сынып мұғалімдеріне зерттеу жүргізген. Алынған нәтижелерді талдау кезінде педагогтердің инновациялық көрсеткіштері мен олардың білім беру технологияларын пайдалануға деген қатынасы арасындағы маңызды және оң байланыс бар екенін байқаған.

Ресейлік ғалым Н.Н.Савина адам интеллектісін бүкіл әлемде қоғам дамуының қуатты ресурсы ретінде қарастырды [7]. Сондай-ақ, ғалым барлық мұғалімдерді оқыту мен оны жақсартатын зерттеулерден тәжірибе мен пайда алу үшін ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларға мұғалімдердің қатысуын белсенді түрде көтермелеу қажет деп санаған [8].

В.М.Лазарев (2008) мектепті дамыту тәжірибесінің мәселелерін, оның инновациялық қызметінің сапасын және бағалауды, инновациялық қызметтің уәждемесіне байланысты проблемаларды қарастырған [9].

Ал Индонезияда математика мұғалімдері әзірлеген және енгізген инновациялық кәсіби даму оқыту тұжырымдамасын, практикалық сабақтарды, білімді және оқу құралдарын пайдалануды жетілдіруге әкеледі деп тұжырымдаған [10].

Бұдан байқағанымыз педагогтердің инновациялық әрекеттегі себептерінің бірі - оқыту барысындағы әдістемелік көмектің жеткіліксіздігі мен қолдаудың төмендігі. Осыдан келе қазіргі

мұғалімдердің жұмысы белсенді болуы шарт деген ой түйіндеуге болады. Көшбасшылық арқылы мұғалімдердің іс-әрекетін ұйымдастыруға болатындығын нақты атап кетеміз.

Зерттеуші ғалым, З.И.Сангаджиева «Бастауыш сыныптардың болашақ педагогін инновациялық қызметке дайындау моделі» атты еңбегін негіздеуді жоғары оқу орнының инновациялық білім беру ортасы жағдайында өткізген. Сауалнама алу кезінде мұғалімнің инновациялық қызметтің педагогикалық теориясын меңгермегендігін, мұғалімнің инновациялық қызметтің ғылыми-теориялық негіздері туралы білімді тереңдету қажеттілігін анықтаған.

Зерттеу нәтижесінде, талдау жасалған эксперименттік жұмыс соңында арнайы курс бағдарламасын әзірлеген. Ғалым зерттеу жұмысының оң нәтиже бергенін айтады [11].

Француз ғалымы Натали Буль «Студенттің қызметі және дамуы: істің мәнінен екінші кезектегі сұрақтарды шатастыру» атты еңбегінде студенттердің белсенділігін қалыптастыру жолдарын анықтаған. Зерттеу барысында екі түрлі бақылау жүргізген. Конструктивистік бөлімде ғылыми пікірталастар арқылы студенттердің іс-әрекетінде белсенділіктері артып, алға қойған мақсаттарға жететіндігін байқаған. Оқытудың деконтекстуализацияланған және вербалды түрлері студенттің енжарлығын көрсеткен [12].

Ғалымның зерттеу нәтижесі бойынша студенттердің білім алу барысындағы белсенділігі білімдеріне толықтай әсер ететіні белгілі [13].

Шетелдік зерттеуші ғалымдар Лос де Джонг, Джакобейне Мейринк және Вильфрид Адмираал «Мектептегі мұғалімдердің ынтымақтастығы: әртүрлі контекстегі оқу мүмкіндіктері» атты еңбектерінде педагогикалық ынтымақтастықтың бірнеше тұжырымдамаларына тоқталып, мұғалімдер ынтымақтастығының төрт түрін сипаттаған:

- 1) тарихты айту және идеяларды іздеу;
- 2) көмек көрсету;
- 3) әдістермен және ақпараттармен алмасу;
- 4) бірлескен жұмыс.

Өзара тәуелділіктің әлсіз деңгейімен сипатталатын бірінші түрі кездейсоқ тәжірибе алмасумен расталатындығын баяндаған. Өзара іс-қимылдың бұл түрі негізінен ақпараттық және әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында дәлізде немесе персонал бөлмесінде болады. Екінші түрі, бұл - көмек деп аталатын дайын педагогикалық өзара іс-қимыл. Бұл әдісте мұғалімдер идеялармен бөлісіп, педагогикалық жағдайлар бойынша кеңестер береді. Өзара тәуелділіктің орташа деңгейлерін бірлесіп пайдалану арқылы табуға болады. Мұғалімдер ынтымақтастығының үшінші тұжырымдамасы - оқу бағдарламасы мен оқытуға қатысты материалдар, әдістерді бірлесіп пайдалану. Ынтымақтастықтың төртінші түрінде мұғалімдер өз жұмысына ұжымдық жауапкершілікті сезінетіндігін анықтаған [13].

Тұжырымдай келе, ынтымақтастықта жұмыс жасаған мұғалімнің бойында сенімділігін арттыру мен шығармашылық ізденіске баулу арқылы инновациялық даярлығын қалыптастыруға болады. Қоғамдастықта жұмыс жасау барысында өзгенің пікірін тыңдай отырып, өзіндік ой түйіндейді, қарым-қатынас орнату арқылы өз білімін дамытады. Сондықтан, білім алушыларды жоғары интеллектуалды білім беру инновациясын өндіру бойынша шығармашылық инновациялық қызметке дайындау маңызды.

Отандық ғалым Ә.Е.Жұмабаева «Инновация» терминіне «жаңалық енгізу» деген мағынаны береді. Ал жаңалық - бұл құрал, жаңарту осы құралды игерту үдерісі екендігін қарастырды. Инновациялық үдеріс – жаңалықты енгізетін, қолдануға жағдай жасайтын кешенді әрекет. Сонымен қатар, инновациялық оқыту жүйесі білім алушының жеке дара қабілетін, арнайы мүмкіндіктерін, сондай-ақ өзіндік шығармашылық ізденістерін дамытуға тікелей септігін тигізетіндігін баяндаған [14; 82].

Оқытушының осы әрекеттерін зерттей келе, инновациялық оқыту негізінде білім алушының дербес қабілетін қалыптастыру, оқыту материалдарын өздігінен пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру тиімділігін байқауға болады. Зерттеудің ерекшеліктері:

- білім алушының белсенді іс-әрекетін дамыту;
- білім алушының дербес қабілетін дамытуға тікелей көмек беру;
- білім алушының танымдық үдеріске белсенді қатысуын анықтау мүмкіндігін қарастыру;

- көрнекілік құралдарын тиімді пайдалану арқылы сезіміне, қабылдау эмоциясына әсер ету болып табылады.

Зерттеу барысында инновация білім алушының оқу-танымдық үдеріске қатысу кезеңдерін анықтауға мүмкіндік беретінін байқадық. Инновациялық оқыту жүйесінде білім берудің арнайы бір үлгілік типтік моделі болады, ол модель білім алушының жай ғана іс-әрекетіне емес, сонымен бірге шығармашылық дербес қабілетіне негізделеді. Бұған мынадай жағдайда:

1. Білім алудың дерек көздерін пайдалану арқылы;
2. Оқудағы іс-әрекет түрлері арқылы;
3. Танымдық үдерістің логикасы - ойлау әрекеті және ой қозғалысы дауылын туғызу арқылы ойлаудың бүтіннен бөлшекке, бөлшектен бүтінге ауысуы, қорытындылар шығару тәсілі;
4. Таным үдерісінің психологиясын ескеру арқылы қол жеткізуге болады.

Зерттеу нәтижесінде мамандарымызды инновациялық әрекетке дайындау барысында төмендегі дағдыларды қалыптастырудың маңызын атауды жөн көрдік:

- Мақсат қоя білу;
- Логикалық ойлау;
- Ақпараттарды тез меңгеру немесе белсенділік;
- Мәселелерді анықтау және шешу;
- Мәселелерді талдау барысында идеялар ұсынып, болжам жасау;
- Өз идеяларын тұжырымдау және дәлелдеу;
- Зияткерлігін дамыта білу;
- Өзін-өзі үздіксіз дамыту;
- Қоғамдастықта жұмыс жасау;
- Оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін құру;
- Жағдайды сыни тұрғысынан бағалай білу;
- Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу.

Қазақстандық 10 мектеп мұғалімдерін зерттеу барысында инновациялық әрекеттерін жетілдірудің нақты шешімін жасадық: жаңашылдыққа ұмтылу, өз қызметін жақсарту үшін үнемі білімін жетілдіріп отыру, бұл үрдістен инновациялық әрекет көрініс табады; инновациялық әрекет даярлығын қалыптастыруда теорияның практикамен үйлесуі.

Осы орайда, болашақ бастауыш сынып мамандарын инновациялық әрекетке даярлаудың маңыздылығын нақты анықтау үшін зерттеу жүргіздік. Зерттеуіміздің субъектілері - магистранттар, докторанттар мен оқытушылар. Сауалнамаға 19 магистрант, 12 докторант және 36 оқытушы қатысты. Зерттеудің алдын ала кезеңі ретінде білім беру реформаларын реттейтін негізгі құжаттарға талдау жүргізілді. Талдау объектісі – сауалнама. Сауалнамада төмендегідей сұрақтар қарастырылды:

Инновациялық әрекет ұғымы туралы түсінігіңіз.

1. Сіз таңдаған (жаңа) әдістің оқыту заңдылықтарына сәйкестігі...
2. Біртіндеп енген жаңалықтың сапалы өсу динамикасы қандай деңгейде?
3. Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асырудағы кедергілер және жою жолдары...
4. Әдістемелік және инновациялық білімнің жеткіліксіздігі кедергі келтіре ме?
5. Ақпараттық-коммуникациялық құралдар аздығының сабаққа әсері...
6. Білім алушылардың сыни ойлау дағдыларының, шығармашылық және ізденімпаздық қабілеттерін белсенді түрде қалыптастыру қажеттілігі...
7. Болашақ педагог мамандарды инновациялық әрекетке даярлаудың маңыздылығы...

Алынған сауалнама негізінде студенттерде жалпылама түсінік қалыптасты:

- Педагогикалық практикаға қатысу барысындағы әдістемелік қолдау мен инновациялық білімнің жеткіліксіздігі;
- Білім алушылардың сыни ойлау дағдылары мен шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін белсенді түрде қалыптастыру қажеттілігі;

Зерттеу барысында оқушыларға ХХІ ғасыр талабына сай кең ауқымды дағдыларды дарытуда сабақ беруші мұғалімнің тың дайындығы болуын атап көрсетуді жөн көрдік. Болашақ педагог-маман инновациялық әрекетті жүзеге асыру барысында өзін-өзі жетілдіріп, сандық-сапалық нәтижелерінің артуымен ерекшеленуі тиіс.

Инновациялық іс-әрекет – қазіргі білім беру ұйымдары даму жолының бір аспектісі. Ол жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа енгізу, іс жүзінде пайдалану сияқты үдерістермен сипатталады. Болашақ маманның инновациялық даярлығын қалыптастыруды дербес бағдарламамен жүзеге асыру қажет. Шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл мұғалімге жеке бағдарламадан көпшілікке, педагогикалық ұжымға арналған бағдарламаны жасауға көшуге болады, яғни, жалқыдан жалпыға өту принципін басшылыққа алған жөн.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық әрекетке даярлығын қалыптастыру мәселесі жоғары оқу орындарындағы практикада жеткілікті дәрежеде шешілмегенін және қосымша зерттеуді қажет ететіндігін атап өту керек. Осыған байланысты білім берудің деңгей жүйесі және оқытудың кредиттік жүйесі жағдайында білім алушыларды инновациялық әрекетке даярлауда сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдаудың әдістемесімен жабдықтау маңызды. Сол себепті, студенттерді даярлау бағытында жоғары білім берудің жаңа тәсілдері мен технологияларын негіздеу қажет.

Зерттеу нәтижесін қорытындылай келе, студенттердің болашақта инновациялық білім беру құзыреттілігін дамыту үшін білім беру саласына үлкен өзгерістің қажеттігін байқадық. Сондықтан, мамандарды дайындауда тек әдістемелік және пәндік білімнен басқа, инновациялық білім беру негізінде заманауи әдіс-тәсілдермен қаруландыра отырып, шығармашылық ойлау дағдыларын, ІТ құзыреттіліктерін дамыту жұмыстарын жүргізу қажет деген тұжырым жасадық.

Болашақ маман инновациялық даярлығын қалыптастыруды білім алушыға қатысты дербес бағдарламамен жүзеге асыруы қажет. Нақты шығармашылықпен жұмыс жасайтын инноватор мұғалімнің жеке бағдарламадан жалпыға көшу принципін басшылыққа алған жөн.

Кәсіби педагогикалық қызметті қалыптастыру бойынша арнайы шараларды талап ететін кешенді феномен ретінде бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық әрекетке даярлығын қалыптастыру маңыздылығын атап өту керек. Осыған байланысты білім алушыларды инновациялық әрекетке даярлауда сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдау әдістемесінің маңыздылығын атап өтуді жөн көрдік. Ол үшін студенттерді даярлау бағытында жоғары білім берудің жаңа тәсілдері мен технологияларын негіздеу қажет. Себебі, инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негізін айқындай аламыз. Осы орайда «Сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдау» бағдарламасын әзірлеудеміз, аталған пәнді «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранттарымен жүргізуді жоспарладық. Бұл пән – инновациялық іс-әрекет нәтижесінде өз іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, табысты білім беруге жағдай жасайды. Пәннің негізгі мақсаты - бастауыш сыныптарда сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдаудың әдістемесімен жабдықтау.

Пән бойынша жұмыс қазіргі таңда өзекті болып отырған қашықтықтан оқыту үдерісі арқылы жүргізуді жоспарлаудамыз. Пән дәрістік, семинарлық сабақтар түрінде де, шебер-сынып түрінде де ұйымдастырылады. Магистранттың кәсіби-әдістемелік дайындығы пән бойынша теориялық материалдың көлеміне, мазмұнына, оны меңгеру тәсілдеріне, оқыту әдістеріне, әдістемелік білімге, сондай-ақ инновациялық білім туралы толық ақпараттың болуына байланысты екені белгілі. Мұндай мәліметтер дәріс сабақтары, магистранттың оқытушымен өзіндік жұмысы және магистранттың өзіндік жұмысы арқылы қалыптасады. Сондықтан «Сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдау» пәні оның ерекшеліктері, мәні, берілетін білім көлемі, оны оқыту әдістерімен таныстыруға, өзіндік кәсіби қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін пәндердің бірі болады.

Бұл оқу пәні студенттерде сабақ беру күнделікті ізденіс пен шығармашылықты қажет ететін, инновациялық даярлықтың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастырады. Жаңа ақпараттық технологиялар аспектісінде заманауи талаптарға барынша жауап беретін инновациялық білім берудің тұтас жүйесін құру, әдістемелік принциптер, пән мазмұнының теориялық негіздемесі, магистранттардың білімін тексерудің әдістері мен тәсілдері болып табылады. Пән бойынша магистранттар игерген теориялық материалға, өзіндік жұмысқа ерекше көңіл бөлінді.

Әр тақырып бойынша негізгі теориялық материалдардың мазмұны, теориялық және практикалық білімді тексеру, әдістемелік шеберлікті қалыптастыратын блоктардан тұрады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда бастауыш білім берудің басты мақсаты – оқушыларды біліммен қаруландыру ғана емес, сонымен қатар олардың жалпы оқу шеберлігін, пәндік және коммуникативтік құзыреттілігін, кең ауқымды дағдылары мен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Негізгі міндет – инновациялық әрекетке тұлғаның үйлесімді, жан-жақты дамуына жағдай жасау. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш педагогтерінің:

- сабақты инновациялық тұрғыдан жобалауға және ұйымдастыруға қабілеттілігін,
- сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдауды жүзеге асыру үдерісінде педагогикалық қызмет нәтижелерін сыни бағалауын;
- оқушының сабақ барысындағы әрекетін талдайды.

2020 жылы бүкіл әлемді дүрліктірген пандемия жағдайы да ұстаздардың инновациялық даярлығы маңызыдылығын атап көрсеткендей. Біз ұсынып отырған «Сабақты инновациялық тұрғыдан құрылымдау» ең қажетті пән болады деген сенімдеміз. Пәнді игеру барысында әдістемелік біліммен қатар, болашақ педагогтеріміздің бойында ІТ қабілеттері, шығармашылық пен ізденіс, сыни ойлау дағдылары қалыптасады. ХХІ ғасыр педагогтері инновациялық технологиялар тиімділігін кең ауқымда пайдалана алулары қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.
2. Көшімбетова С.А. (2004) Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары (гуманитарлық пәндер бойынша): дис. . пед. ғылым. канд. Алматы.
3. Барсай Б.Т. (2010) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Шымкент.
4. Бұзаубақова К.Ж. (2009) Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық- әдіснамалық негіздері: дис. . пед. ғылым. д-ры: 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. Алматы.
5. Нағымжанова Қ.М. (2010) Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: дис. . пед. ғылым. д-ры: 13.00.01: қорғалды 19.05.2010. Қазақ мемлекет.қыздар пед. ун-ті. Алматы.
6. Yilmaz O., Bayraktar D.M., Ali H. (2013) Teachers' attitudes towards the use of educational technologies and their individual innovativeness categories. 5th World Conference on Educational Sciences - WCES. Computer Education & Instructional Technology, Istanbul, Turkey.
7. Savina N.N. (2015) The Teachers Willingness To Create Highly Intelligent Educational Innovations. Procedia - Social and Behavioral Sciences. 191, 2605 – 2608.
8. Savina N.N. (2019) Major factors of teachers' resistance to innovations. *Ensaio: aval.pol.públ.Educ.* [online]. vol.27, n.104, pp.589-609. <http://dx.doi.org/10.1590/s0104-40362019002701807>
9. Поташник М.М., Лазарев В.С. (ред.) (1995) Управление развитием школы: пособие для руководителей образовательных учреждений. М.: Новая школа. – 464 с.
10. Romer M. (2008) Teacher education in Europe: an Etuce policy paper. Brussels: Etuce.
11. Сангаджиева З. И. (2012) Модель подготовки будущего педагога начальных классов к инновационной деятельности // Вестник Майкопского государственного технологического университета.
12. Bulle N. (2019) Student's activity and development: Disentangling secondary issues from the heart of the matter. *Educational Research Review*, Elsevier, 27, 56–70 10.1016/j.edurev.2018.12.004. hal-02455679
13. Jong L. de, Meirink J., Admiraal W. (2019) School-based teacher collaboration: Different learning opportunities across various contexts. *Teaching and Teacher Education*. 86. 102925.
14. Жұмабаева Ә.Е. (2009) Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы.
15. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (2019). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жыл 31 желтоқсан № 645 қаулысы. Нұр-Сұлтан.

Эффективность инновационной деятельности в формировании профессиональной подготовки педагогов начальных классов

Ж.К. Стамбекова, А.Е. Жумабаева, А.Н. Умирбекова

Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
jazira_84_s@mail.ru

В статье показана важность подготовки будущих педагогов начальных классов к инновационной деятельности через реформы, происходящие в образовании страны. Представлены сведения, основанные на результатах научно-педагогических исследований. Рассмотрена эффективность дистанционного обучения предмету «Инновационное структурирование урока» для улучшения системы образования, подготовки будущих учителей начальных классов к инновационной деятельности. Реформы образования, внедряемые в стране, направлены на создание условий для формирования высоких нравственных, лидерских качеств, подготовки к профессиональному развитию и инновационной деятельности будущих учителей. В статье показаны способы изучения уровня подготовки будущих педагогов начальных классов для работы с учащимися в образовательном пространстве.

Ключевые слова: инновационная деятельность, инновационные знания, инновационное структурирование урока, реформа, педагогическая креативность, интеллектуальность.

Efficiency of innovative activity in formation of professional training of primary school teachers

Zh. K. Stambekova, A.E. Zhumabaeva, A.N. Umirbekova

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
jazira_84_s@mail.ru

The article describes the importance of preparing future primary school teachers for innovation through the reforms taking place in the country's education. Information based on the results of scientific and pedagogical research is presented. The effectiveness of distance learning of the subject "Innovative lesson structuring" for improving the education system and preparing future primary school teachers for innovation has been reviewed in our country. The reforms that are relevant in modern education, implemented in the country, are aimed at creating conditions for the formation of high moral and leadership qualities, training for professional development and innovation of future teachers. The content of the article also reflects the study of the level of training of future primary school teachers to work with students in the educational space.

Keywords: innovative activity, innovative knowledge, innovative lesson structuring, reform, pedagogical creativity, intelligence.

Редакцияға 29.02.2020 түсті.